



ОТАУ ТІГУ ЕРІККЕННІң ЕРМЕГІ ЕМЕС...

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ТУРИЗМГЕ ТҰСАУ КӨП

6-БЕТ | САРАПТАМА

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру қажет. Сайлау алдындағы бағдарламалар және уәделер ретімен орындалуы керек. Сонда азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артады. Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде мемлекеттік қызметшілер маңызды рөл атқарады. Сол себепті жұмысқа ынтасы бар және жоғары білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту керек. Жеке секторда жүрген кәсіби және дарынды басқарушылар үшін жол ашық болуға тиіс.

№44
(4477)
Сенбі
15 сәуір
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚОР ҚАРАЖАТЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Бүгінгі таңда «Қазақстан халқына» қоры алты бағыт бойынша 25-тен аса қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асырады.

Қордағы қаражатты бөлу тәртібін реттейтін ережелер Үкімет қаулысымен бекітілген. Қаулыға сәйкес «Қазақстан халқына» қоры аударылған қаражатты белгіленген мақсатқа бағыттауға тиіс. Бүгінгі таңда Қор алты бағыт бойынша 25-тен астам қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асырып отыр. Негізінен, медицина, білім беру, спорт, мәдениет, әлеуметтік қолдау, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету салалары қамтылған.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына қомақты қаражат бөлетін заңды тұлғаның бірі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ болып отыр. Бұл компания жыл сайын табысының кемінде 7 пайызын аударып отырады.

Елордада «Жасыл Астана» экологиялық айлығы өтуде

Айлық аясында 22 сәуір және 6 мамыр күні жалпықалалық сенбіліктер ұйымдастырылса, 15 және 29 сәуір күндері коммуналдық сенбіліктер өткізіледі

11000 аса адам (өткен сенбілікке) қатысты

555,58 тонна қоқыс жиналып, шығарылды



ГАЗ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Биыл бас қалада екі газбен жылу беру станциясы іске қосылады. Қысы қатты әрі ұзаққа созылатын қаланың тұрғындары үшін бұл аса жағымды жаңалық! Алдағы жылу беру маусымының басында «Оңтүстік-Шығыс» газ қазандығы үйлерге, нысандарға жылу бере бастайды. Екінші «Тұран» газ қазандығы келесі жылдың соңында тапсырылады. Оның жылу қуаты – 700 МВт. Бұған дейін жылуға тек электр қуаты жұмсалып келсе, енді газ қазандықтары жұмысты жеңілдетеді әрі ресурсты үнемдейді.

ЖӘМИЛА – ҮШ ДҮРКІН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Астанада өтіп жатқан Азия чемпионатында астаналық Жәмила Бақбергенова алтын медаль иеленді. Жәмила 72 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі финалдағы жекпе-жекте бас жүлде үшін жапондық балуан Сумире Ниикорумен белдесіп, 5:1 есебімен жеңіске жетті.

Әйелдер күресінен Қазақстан құрамасының капитаны Жәмила Бақбергенова үшін бұл – Азия чемпионатынан алған үшінші алтын медаль.

Ол осыған дейін Үндістанда (2020) және Моңғолияда (2022) құрлық чемпионатының жеңімпазы атанған. Сондай-ақ ол – әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері.



ЕЛОРДАДА 15 СӘУІРДЕН БАСТАП №59 САЯЖАЙ БАҒДАРЫ ЖҮРЕ БАСТАЙДЫ

«Көктем» сауда үйі – Қоянды саяжайлары» бағытымен қатынайтын №59 саяжай бағдарының қозғалысы басталады» делінген СТС компаниясының хабарламасында. Бағдар аптаның алты күнінде жүреді. Дүйсенбі – демалыс күні.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 489.75 \$ USD/KZT 448.82 ₪ RUB/KZT 5.46 ¥ CNY/KZT 65.05

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Australian Open, Индиан-Уэллс және Майами турнирлерінде керемет өнер көрсеткен Елена Рыбакинаны құттықтап, шеберлігі мен жеңіске деген ерік-жігері үшін ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы қазақстандық теннисшілердің жетістігі өскелең ұрпақ арасында осы спорт түрінің танымалдылығын арттыруға септігін тигізетінін атап өтті.

Өз кезегінде Елена Рыбакина жеңіс тұғырынан көрінген сәттерінде қолдау білдіргені және жүрежарды құттықтауларын жолдағаны үшін Президентке алғыс айтты. Даңқты теннисші алдағы уақытта да беделді халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетуге бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі таңда елімізде 30 мыңнан аса адам тенниспен шұғылданып отырғанына тоқталды. Оның 10 мыңнан астамы – 10 жасқа дейінгі балалар. Осы спорт түріне бұқаралық сипат беру мақсатында еліміздің 17 аймағында теннис корттары салынды. Сондай-ақ Baby tennis, «10 жасқа дейінгі теннис» секілді жобалар табысты жүзеге асырылып жатыр.

14-15 сәуір күндері Астанада алғаш рет Билли Джин Кинг

кубогының іріктеу матчы өтеді. Теннистен Қазақстанның әйелдер құрамасы Польша командасына қарсы ойнайды. Бұл кездесудің жеңімпазы әлем чемпионатына жолдама алады.

Мемлекет басшысы халықаралық деңгейдегі мұндай іс-шараларды ұйымдастыру еліміздегі теннистің даму деңгейін арттыруға тың серпін беретінін айтты. Сондай-ақ Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарына лицензия ұтып алған отандық теннисшілерге сәттілік тіледі.

ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАЙДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте орталық мемлекеттік органдардың және «Атамекен» ҰКП басшылығының қатысуымен орта кәсіпкерлікті дамытудың жаңа тәсілдері қаралды.

Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов 2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада 2 910 орта кәсіпкерлік субъектісі бар екенін баяндады, олардың ЖІӨ-дегі үлесі – 6,3%. Бұл кәсіпорындарда шамамен 380 мың адам жұмыспен қамтылған.

VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы алдағы жылдары орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндетін қойды. Осыған байланысты ҚР ЭМ мемлекеттік сатып алу саласын қосқанда, орта кәсіпкерлікке қатысты реттеу рәсімдерін жеңілдету, салық төлеуге ынталандыру, инвестициялық белсенділікті арттыру, әкімшілік жүктемелі азайту және орта кәсіпкерлікті қолдауды кеңейту жөнінде шаралар ұсынды.

Премьер-министр негізінен, аталған тәсілдерді мақұлдап, жаңа бастамаларды әзірлеу процесіне бизнес-қоғамдастықты белсенді түрде тартудың маңызын атап өтті.

Біз бұл ұсыныстар бойынша, бірінші кезекте бизнестің ұсыныстарын ескере отырып, жақсылап жұмыс істеуіміз керек. Оларды мұқият зерделеп, заңнамаға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың салалық бағдарламаларына тиісті өзгерістер енгізу қажет, – деді Әлихан Смайылов.

Индустрия және инфрақұрылымды даму министрі

Мұрат Қарабаевтың мәліметінше, бүгінде өңдеу өнеркәсібі саласында 501 орта бизнес кәсіпорны жұмыс істейді. Шағын өнеркәсіп аймақтарын іске қосу, отандық инженерлік-техникалық қызметкерлердің шетелдік зауыттарда тағлымдамадан өтуін қамтамасыз ету, базалық шикізатты терең өңдеуді жандандыру және т.б. шаралар арқылы осы кәсіпорындарды дамыту мен жаңа жобаларды жүзеге асыру ұсынылады.

Қазақстанда құны 10 трлн теңгеден астам тауарлар мен жұмыс және қызмет түрлерін локализациялау әлеуеті бар, олардың бір бөлігін орта бизнес кәсіпорындары игере алады. Бұл бағытқа серпін беру үшін отандық өнімдерге тапсырыс берушілердің тізбесін кеңейту, сондай-ақ жүйе құраушы және квазимемлекеттік компаниялармен ұзақ мерзімге офтейк-келісімшарттар бекіту тетіктерін дамыту жоспарланып отыр.

Кеңесте сөз алған «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Райымбек Баталов инвестициялық жобаларға цифрлық мониторинг жүргізу мүмкіндіктерімен таныстырып, өңірлерді дамытудағы басым салаларды мемлекеттік қолдау шараларын күшейтудің артықшылықтарына тоқталды, сондай-ақ бюджеттен қаржыландырылатын ауқымды жобаларды іске асыруға отандық кәсіпкерлерді белсенді түрде тарту қажеттігін атап өтті.

Талқылауды қорытындылай

келе, Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне ерекше мән беретін уақыт келгенін атап өтті.

Орта бизнесті нығайту үшін барлық бағыт, атап айтқанда, салық бойынша, әкімшілік және басқа да ынталандыру құралдарын қарастыруымыз керек. Бұл жұмыспен қамтылғандар қатарын арттыруға және кәсіпорындарды қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қорғауға, ашықтықты кеңейтуге және жалпы экономикамызды дамытуға және әртараптандыруға ықпал ететін болады, – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы тамыз айының соңына дейін орта бизнесті қолдаудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді аяқтап, оны Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына біріктіру мүмкіндігін қарастыру қажеттігін атап өтті.

Құжат бизнестің барлық сұранысын қанағаттандыруы керек. Бұл жұмысқа бизнестің өзін, сарапшылар қауымдастығын, Парламент депутаттарын, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен Президент Әкімшілігінің өкілдерін белсенді түрде тарту қажет. Осы орайда, орта кәсіпкерлікті сапалы дамыту үшін жаңа тәсілдерді бірлесіп әзірлеу, басымдықтарды белгілеу маңызды, – деп түйіндеді Премьер-министр.

ГАЗ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Астана қалалық мәслихат депутаттары қаладағы жаңадан салынып жатқан жылыту нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысты.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

«Юго-Восток» газ қазандығы келесі жылыту маусымының басында қала тұрғындарын жылумен қамтамасыз ете бастайды, оның өнімділігі – сағатына 350 Гкал немесе 422 МВт. Германияның техникасымен жабдықталған. 2023 жылдың соңына қарай нысан толық пайдалануға беріледі. Қазандықтың қуаты елорданың ескі бөлігінде орналасқан 40 мыңға жуық пәтер мен

әлеуметтік нысандарды жылу энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазір құрылыс жұмысы қауырт жүріп жатыр.

Құрылыс жұмысы өткен жылы басталған инженерлік инфрақұрылымы бар «Тұран» газ қазандығы келесі жылдың соңына қарай іске қосылатын болады. Нысанның белгіленген жылу қуаты – 700 МВт, Ресей техникасымен жабдықталған. Қазірге дейін 10 қазандық орнатылатын болады, оның алтауы осы жылдың қазан айында іске



қосылады. Екі нысанның құрылысы жүргізілетін жұмыстардың сапасы мен мерзімдерін сақтай отырып жүргізіледі.

Өткен аптада қала әкімі Жеңіс Қасымбек тілшілерге берген сұхба-

тында қаладағы жылу мәселесіне де тоқталып, «Биыл 2 газ жылу стансасы іске қосылып, өз жұмысын бастайды. Бұл 2 станция 600 гкал/сағ. жылу береді. Ол жұмыстарды тамыз айында бітіреміз деп жоспарлап отырмыз.

ЖЭО-3-тің бірінші кезеңі биыл бітеді. Мұнда 5 қазандық қосымша 400 гкал/сағ. жылу береді. Екі газ жылу стансасы мен ЖЭО-3 беретін жылу 3-4 жылға жеткілікті болады» деген еді.

2024 жылға қарай елордада 300 мың тұрғын көгілдір отынмен қамтылмақ. Елорда әкімдігінің дерегінше, қазір Алматы және Сарыарқа аудандары толықтай газға көшірілді. 2019 жылы басталған газдандыру жұмысы бүгінде қарқынды жүріп жатыр. Қызылордадан Арқаға дейін тартылған құбырдың 650 шақырымы бітіп, жұмыс істеп тұр. Астана әкімдігі газ түсіру барысында құжат рәсімдеу үшін біршама жеңілдіктер қарастырған. Атап айтқанда, газ түсіру үшін тек 4 құжат ғана керек.

Дегенмен, тұрғындардың айтуынша, үйге газ тарту қыруар қаржыны қажет етеді. Кейбір тұрғындар үйіне газ түсіру үшін 1 млн теңгеге жуық қаражат жұмсаған. Ал Астана әкімдігі жаңа үлгідегі жылыту құрылысын орнату үшін әлеуметтік аса санаттағы отбасыларға 430 мың теңге көлемінде өтемақы тағайындап отыр. Сондай-ақ тұрғындарға банк арқылы пайызсыз бөліп төлеу мүмкіндігі де қарастырылған.

Астананы газдандыру қала экологиясын жақсартуға аса тиімді. Қала тұрғындары жаппай көгілдір отынға көшетін болса, қала көк түтіннен арылады, сондай-ақ жалпы тұрғын үй алаптарын газдандыру және энергия көздерін газға көшіру шығарындыларды жылына 40 мың тоннаға дейін азайтады.



ЕЛЕН ЕТКІЗЕР

Кувейттің Kuwait News кувейттік ақпарат агенттігінде жасанды интеллект көмегімен құрылған тележүргізуші пайда болды.

Виртуалды жүргізушіге Федха деген атау берілген. Ол желі пайдаланушыларына жаңалық тыңдауды ұсынады. Веб сайттың бас редакторының орынбасары Абдулла Бофтейн бұл қадамды жасанды интеллекттің «жаңа инновациялық контент» ұсыну бағытындағы әлеуетін тексеру екенін жеткізді. Ол Федханың болашақта жаңалықтарды Twitter-дегі аккаунтқа жариялай алатындығын айтты.



Германия елдегі қалған барлық атом электр станцияларын жабады.

Мамандар үш энергоблоқтың негізгі элементтерін бұзады. Парогенераторлар мен реакторлардың герметикалық корпусының бұзу жұмыстары 2040-2050 жылдарға дейін созылуы мүмкін. Әлеуметтік сауалнамалар көрсеткендей, немістердің төрттен бірі АЭС-ке қарсы болса, үштен бірі атом энергиясын сақтауды жақтаған.



Alibaba компаниясы ChatGPT-ге бәсекелес болатын өз чатботын шығарды.

Қытайдың технологиялық алыбы Alibaba жасанды интеллекттің өз генеративтік моделі – ChatGPT чатботы жұмыс істейтін технологияның дербес нұсқасын таныстырды. Сонымен қатар ол жақын уақытта компанияның барлық қосымшаларына интеграциялау жүргізілетінін жеткізді. Компанияда Tongyi Qianwen чатботын көп күттірмей Alibaba өнімдеріне интеграцияланатынын мәлімдеді.

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ КӨГАЛДАНАДЫ



Астананың сол жағалауындағы Ботаникалық бақ елордалықтардың ең жиі серуендейтін орындарының біріне айналып отыр. Есіл ауданының әкімдігі бақтың аумағында көгалдандыру жұмысын жалғастырып жатыр.

Гейдар Әлиев көшесіндегі 5 шырша ағашы тіршілігін қолайлы жағдайда жалғастыру үшін 100 метр қашық жерге қайта отырғызылады. Маман-

дар қайта отырғызу көшеттерге зиян келтірмейтінін айтады.

Көгалдандыру жұмысының бір бөлігі ретінде ботаникалық бақ учаскесінің

алдыңғы қатарына жөке секілді қатты ағаштар, сол сияқты бұталар, атап айтқанда, арша ағашы отырғызылады.

Бұл іс-шаралар экологиялық жағдайды жақсартуға және келген жұртшылық үшін жайлы жағдай жасауға бағытталған. Әкімдік көгалды аймақтарды жақсарту және қала аумағын абаттандыру жұмысын жалғастыра береді.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛДЫ

Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жергілікті атқарушы органдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жауапты тұлғалармен кеңес өткізді.

Әкімдіктің жобалық кеңесінің басшысы Жанболат Тұртаев әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінде, Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа аудандары әкімі аппараттарында, сондай-ақ елорданың квазимемлекеттік секторының субъектілерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы есеп берді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру мәселесі өзекті болды. № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру шеңберінде мемлекеттік сектор арасында да,

жалпы халық арасында да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті одан әрі азаматтық қоғаммен және парасатты бизнеспен әріптестік қатынастарға негізделген алдын алу жұмыстарына көп көңіл бөледі. Негізгі міндеттердің бірі ұйымның және оның қызметкер-

лерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету болып табылады, – деп түйіндеді Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Руслан Атығаев.

Қатысушыларға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қабылданған қағидаларының және квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің негізгі ережелері жеткізілді.

КАРТАЛАР ГАЛЕРЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында Еуразия ұлттық университетінде XV-XIX ғасырлардағы Қазақ мемлекетінің ежелгі еуропалық және америкалық карталарының галереясы ашылды.



Индира БЕРЖАНОВА

Галереяда XV-XIX ғасырлардағы Қазақ мемлекетінің ежелгі еуропалық және америкалық карталарының 100 көшірмесі ұсынылды. Оның ашылу салтанатына Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің

төрағасы Дархан Ахмед-Заки, ғылыми қауымдастық өкілдері және студенттер қатысты.

Іс-шараның ашылуы барысында университет ректоры оқу ордасының ғылым мен білімнің орталығы, бүкіл қала үшін ашық ғылыми-білім беру кеңістігі екенін атап өтті. Профессор-оқытушылар құрамы ғана емес, сондай-ақ елорданың жас ғалымдары мен оқушылары да про-

фессор Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың ғылыми зерттеулерінің нәтижесімен осы галереяда таныса алады.

Галереяның ашылуы аясында ғалым Мұхит-Ардагер Сыдықназаров арнайы дәріс өткізді. Профессор 17 жылдан астам Еуропаның ұлттық және корольдік мұрағаттарында, кітапханалары мен мұражайларында, картографиялық орталықтарда және АҚШ кітапханаларында зерттеу жұмысын жүргізді. Ол «Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі. Қазақ мемлекеттілігі тарих толқынында. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталарындағы Қазақ мемлекеті. Атлас» атты кітабына табылған 1500 көне картаның 130-ы енгізілген. Жинақ 3 тілде дайындалып, Қазақстанда ғана емес, шетелде де таныстырылған.

Табылған және зерттелген карталар мен деректер 2022 жылғы Қазақстан тарихының жаңа іргелі 5 томдық басылымына енген. Онда ЕҰУ профессоры Қазақ мемлекетінің ежелгі карталарына байланысты екі авторлық бөлімді дайындады.

Иран билігі қоғамдық орында хиджаб кимеген қыз-келіншектерді анықтайтын камералар орнатып жатыр.

Талапты бұзып, көзге түскен әйелдерге алдымен ескерту, артынан хабарлама беріледі. Сосын іс сотқа жолданады. Тек қандай жаза қолданылатыны әзірге белгісіз. Сондай-ақ әртүрлі сипаттағы іс-шаралар да бақылауға алынады. Тәртіпке көнбеген қожайындардың мекемені жабуға тура келуі мүмкін. Алайда Иранда хиджаб киюден бас тартқан әйелдердің қатары күн өткен сайын көбейіп келеді.



Атыраулық қазақ Қытайға барып «Панда адам» атанды.

Руслан Төленов донор болып, талай жанның өмірін сақтап қалған. Оны бір кезде Қытай Халық республикасының төрағасы Си Цзиньпиннің өзі марапаттапты. 2009 жылы көрші елге оқуға аттанған жерлесіміз осы күнге дейін 6 мың миллилитр қан өткізіпті. Сирек кездесетін теріс резус факторлы қан тобының иесі қазір Хайнань провинциясында жұмыс істейді. Дәстүрлі түрде жылына 2 рет қан тапсырып тұрады.

Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Есіл ауданының тұрғындарымен кездесті.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Алдымен Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев бүгінгі таңда аудан аумағында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Одан соң алдағы жоспарларымен бөлісті.

Кездесуге келген халықтың қарасы көп болды. Оларды толғандырған мәселе де аз болған жоқ.

Маңызды және күрделі мәселелердің бірі – тозығы жеткен апараты тұрғын үйлерді бұзу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа қатысты мәселелер болды. Сондай-ақ әлеуметтік баспана проблемасы да назардан тыс қалмады. Осыған орай, қала басшысы биыл мамыр айының аяғына дейін көпбалалы отбасыларға

нақты 200 пәтер берілетінін атап өтті.

Сонымен бірге абаттандыру және талдар егу, қоғамдық кеңістіктер, медицина саласы бойынша, газдандыру тақырыптары да қозғалды. Бұл ретте Астана әкімі Жеңіс Қасымбек қалада тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің бірқатар нысаны салынатынын, инженерлік желілерді жаңғырту, электр қосалқы станцияларын реконструкциялау және т.б. жұмыстарды жүргізудің жалғасатынын, тұрғындардың тілегі ескерілетінін жеткізді.

Бұл туралы толығырақ газеттің келесі санынан оқысыздар

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЖЕТІСТІГІ

Астана медицина университетінде «Ғылым және жастар: ашылулар мен перспективалар» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтіп, оған 450-ден астам жас қызығушылық танытты.



Индира БЕРЖАНОВА

Аталмыш конференция жас ғалымдар арасында ғылыми-ақпараттық алмасуды жүзеге асыру, оларды перспективалық ғылыми зерттеулерге тарту, жас ғалымдар мен студенттердің медициналық практиканы одан әрі жетілдіруге және инновациялық технологияларды енгізуге бағытталды.

Конференция жұмысына университеттің студенттері, резиденттері,

магистранттары, докторанттарынан бөлек, Өзбекстанның және Беларусьтің жас ғалымдары қатысып, барлығы 450-ден астам қатысушы түрлі тақырыпта баяндама оқыды. Ақтөбе, Семей, Қарағанды қалаларының студенттерінен бөлек, мектеп оқушылары да болды.

Конференция барысында университеттің жас ғалымдары арасында өткізілген «Жас дарын» байқауының жүлдегерлері салтанатты түрде марапатталды.

ЖЫЛ ҮЗДІГІН АНЫҚТАЙДЫ

2023 жылғы 15 сәуірде «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсы басталады.

Конкурстың негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, мемлекеттік басқарудың озық тәжірибесін тарату және қызметшілерді ынталандыру.

Конкурсқа қатысуға кемінде үш жыл мінсіз мемлекеттік қызмет өтілі бар «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мемлекеттік орган басшысының ұсынуы бойынша қатыса алады.

Конкурсқа қатысу үшін 15-30 сәуір аралығында департаменттің elgeqyzmet.astana@mail.ru электронды поштасына төмендегі құжаттар тізбесін жолдау қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы мемлекеттік органның ұсынымы;
2) конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі.

Конкурстың I кезеңі өңірлік (облыстық) деңгейде өтеді. Бірінші кезеңге қатысушыларды іріктеуді өңірлік конкурстық комиссия жүргізеді. Өңірлік конкурстық комиссия агенттіктің аумақтық департаменттері жанынан құрылады. Комиссия құрамы қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ мемлекеттік органдардың басшыларынан және басқа да тұлғалардың өкілдерін қамтиды.

Өңірлік кезеңнен үздік шыққан

2 үміткер конкурстың II кезеңі – республикалық деңгейге жолдама алады. Республикалық комиссия қатысушылардың презентациясын тыңдау мақсатында 2023 жылғы 2 маусымға дейін кандидаттармен әңгімелесу өткізеді. Презентация қорытындысы бойынша республикалық комиссия онлайн дауыс беруге жолдау үшін ұсыныстарды іріктейді.

Онлайн дауыс беру агенттіктің әлеуметтік желілердегі парақшаларында жүргізіледі және оған республиканың барлық азаматы қатыса алады.

Республикалық комиссияның қорытынды отырысында конкурс жеңімпаздары айқындалатын конкурс нәтижелері туралы шешім қабылдайды.

«Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі 23 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшісі күні мерекесіне орай марапатталады.

Барлық сұрақтар бойынша 24-89-26, 24-88-31 нөмірлеріне хабарласуыңызға болады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

№44 (4477) 15/04/2023 Сенбі

ЖАҢА АВТОБУСТАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Елордалықтардың қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру ешқашан назардан тыс қалған емес. Қаланың үлкен сыйымдылықтағы автобустар қатары тағы 10 көлікпен толықты. Олардың ерекшеліктері мен қандай бағдарларға бөлінгенін білу үшін Астанадағы №3 автобус паркіне ат басын бұрып, оның директоры Нұрбол Ысқақовты әңгімеге тарттық.



Бұл автобустар елордалықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі десе де болады. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және қала тұрғындарының басты мәселелерін шешу үшін әкелінген соңғы үлгідегі жаңа автобустарда жолаушыларды қауіпсіз тасымалдау үшін барлық жағдай жасалған, қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған, көліктердің іші кең. Бір қызығы, бұл автобустар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы емес, елордадағы №3 автопарктің өз ақшасына тікелей Қытайдың «Higer» компаниясынан алынған. Автобус паркі бұл компаниямен 10 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді.

Бұл автобустарды Қытайдың «Higer» компаниясымен келісімшарт жасасып, тікелей автопарктің өз қаржысына алдық. Біздегі проблеманың бірі – осы. Бұл күндері Өнеркәсіпті дамыту қорына 18 метрлік жалғаспалы («гармошка») 6 автобуска тапсырыс берген едік. Өйткені маршрутта адам көп, халықтан түскен сұраныс жоғары. Олар өтінішімізді қабылдады, алайда ақша жоқ деп қайтарып жіберді, әзірге тоқтап тұр. Әкімнің қабылдауында болғанда да осы мәселені көтердік, – дейді Нұрбол Ысқақов.

Оның айтуынша, аталған қытайлық компаниямен алдағы

уақытта тағы да келісімшартқа отырып, автобустарды жаңарту жоспарда бар.

– Былтыр 12 метрлік 15 автобусты алып, тексердік. Олардың барлығы көңілімізден шықты, ойдағыдай. Зауыттың өкілдерін шақыртып, кемшін тұстарын көрсетіп, түсіндірдік. Жылдың аяғына дейін 11 жалғаспалы автобус аламыз деп ойлап едік, бірақ қаражаттың болмауына байланысты өтінішіміз тоқтатылды. Өнеркәсіпті дамыту қоры өтінішімізді мақұлдаса, жалғаспалы автобустар келуі керек. Ол жерде пайыздық мөлшерлеме өте тиімді, небәрі – 7%. Бұл банк Қазақстанда өндірілген техниканы қолдайды, ал мына автобустарды Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы ала алмаймын. Өйткені Қытайдан тікелей келеді. Автобустарды жаңартуымыз керек. 3 мамырда осы зауыттың өкілдері келеді деп күтіп отырмыз. Тағы да келісімшартқа отырамыз деген үміттеміз. Келісімге отырғаннан кейін кемі бес айдан соң жаңа автобустар дайын болады, – дейді №3 автобус паркінің директоры.

Сондай-ақ жаңа қоғамдық көліктердің қай маршруттарға бөлінгені белгілі болды.

– Келген автобустардың бағыттары анықталды. Жолаушылар тасымалы басқармасымен арамьзда келісімшарт бар.

Сол жерде 2 жылдан асқаннан кейін мен автобустардың 50 пайызын жаңартуым керек. Қазір 2 жылдан асқан келісімшартта көрсетілген бағдар – 46-маршрут. Келген 10 автобустың барлығы 46-бағдарға бөлінеді. Бұрынғы 56-маршрутты жаңартсақ, быыл 46-бағдарды жаңартпақпыз. Жылдың аяғына дейін 31-бағытты жаңартуымыз керек. 3 мамырда келісімшартқа отырсақ, 31-маршрутты кезең-кезеңімен ауыстырылады. Соңғы рет 2015 жылы жаппай 800 автобус алып келді. Одан кейін жергілікті басқармамен бірлесіп, 2019 жылы 100 автобус әкелінді. Өзіміз 2015 жылдан бері 33 автобус алдық. Бұл өте аз. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек жыл соңына дейін 400 автобус әкелінеді деген. Мынау 10 автобус – соның алғашқы легі. Қала күніне дейін 80-ге жуық автобус келуі тиіс, – дейді Нұрбол Ысқақов.

Автобус паркінің басшысы қоғамдық көліктер қатары көбейгендіктен, жүргізушілерге деген сұраныстың да өскенін айтты. Қазіргі уақытта оларды жұмысқа қабылдау процесі жүріп жатыр.

– Жаңа автобустардың келуімен жұмысқа жаңа жүргізушілер, тексерушілер алынады. Жыл соңына дейін тек 50 жүргізушіні жұмысқа алуымыз



керек. 10 автобуска 20 жүргізуші қабылдаймыз. Электронды төлем қондырғыларын орнату ғана қалды. CTS компаниясы бұл жұмыстарды жүргізіп жатыр. Олар тексереді, линияға шығарып көреді, аялдамаларды қалай хабарлайтынын, барлығын көріп, бақылайды. Бұйырса, айдың соңына дейін қалаға шығады деп отырмыз. Қазіргі таңда жаңа автобустарға мемлекеттік нөмірлер тағылып, соңғы тексерулер мен дайындық жұмыстары жүргізілуде, – дейді автобус паркінің басшысы.

Ол сондай-ақ жаңа автобустардың ерекшеліктеріне де тоқталып өтті.

– Еуропалық стандарттардан кем емес. Барлық стандартқа сай. Дизель отынымен жүреді. Жүріс бөлігі еуропалық стандарт бойынша талапқа сәйкес келеді. Қозғалтқышының қуаты үлкен. Төзімділігі жоғары. Орташа есеппен алғанда, миллион шақырымға дейін төзімді. Сыйымдылығы – 90 адам, 25 орынды. Экологиялық таза. Бұрынғы автобустардың есіктері ішке қарай ашылатын. Адамдарға мініп-түсуге ыңғайсыз, кісі көп кезде қиын болатын. Салонға жел соғады. Сондай кемшілікті бар жандар үшін мына автобустардың есігі сыртқа ашылатындай етіп жасалынды. Бейнебақылау бар, желдеткішпен жабдықталған, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орындар қарастырылған. Пандусқа байланысты бізге мүгедектігі бар жандар келіп, шағымдарын айтып жатады. Бұрынғы автобустарда арбаға арналған пандусты көтеретін тетікті ашу қиын болатын. Астынан сыртқа күшпен тартатын. Біздегі ауа райы белгілі, қыста қатып қалып, ашымай жатады. Мына автобустарда басқаша. Пандусты тұтқасынан көтергенде, ол жайылады, – дейді Нұрбол Ысқақов.

Оның айтуынша, халықтан №46, №31 автобусты жаңарту, №56 бағдарларға қосымша автобустар қосу бойынша шағымдар түскен. Міне, осы айдың соңына дейін №46 автобус жаңартылса, №31 бағдарға қатысты мәселе жыл соңына дейін шешілуі тиіс.

№3 автобус паркі тұрғындардан түскен шағымдарға үнемі назар аударады. Жалпы, №3 автопаркте 175 автобус болған. Енді олардың саны 185-ке жетті. Олар 9 бағдар бойынша қызмет көрсетіп, күніне 100-120 мың адамды тасымалдайды.

Аялым АЛТЫНБЕК

Барлық жастағы адамдар үшін жұғымдылығы жоғары оңай сіңетін сүт тағамдарының құрамы ақуыз, май және көмірсуларға өте бай. Оның денсаулыққа пайдасы мен қоректік қасиетін бәріміз білеміз. Алайда соңғы кездері сөрелердегі сүт бағасы қымбаттап барады.

СҮТ БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП БАРАДЫ



Мамандардың мәлімдеуінше, 2023 жылғы наурыз айының соңында сүт өнімдері бір жыл ішінде 29,1%-ға қымбаттады. Баға, әсіресе Маңғыстау облысында: 41,8%-ға өсті. Одан кейінгі орындарда Қызылорда облысы (33,7%) және Астана (32,4%) қаласы тұр. Ал Ақмола (22,9%-ға) және Ұлытау (25,1%-ға) облыстарында, сондай-ақ Алматыда (25,2%-ға) сүт өнімдері көп қымбаттамаған.

2023 жылғы наурыз айының соңында сүт өнімдері бір жыл ішінде 29,1%-ға қымбаттады. Бұл қалалықтардың сүт және сүт өнімдерін әдеттегіден азырақ тұтынуына алып келді.

Жалпы, елімізде әртүрлі өнім тобын өндіру қарқыны әрқалай. Мәселен, 2023 жылдың қаңтар-ақпан айларында өңделген сұйық сүт пен кілегей өндірісі 97,3 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2%-ға артық.

Сондай-ақ сары май мен спред өндірісі де бірден 29,6%-ға өсіп, 4,5 мың тоннаны құрады. Бұл ретте ірімшік пен сүзбе өндірісі, керісінше, 1,7 пайызға төмендеп, 5,8 мың тоннаны құраған. Қатты күйдегі сүт өндірісі де, бірден 2,3 есеге немесе 509 тоннаға дейін, сондай-ақ йогурттар, қойылтылған сүт және т.б. сүт өнімдерін өндіру (1,3%-ға немесе 40,9 мың тоннаға дейін) азайған.

Өткен жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 573,3 мың тонна өңделген сұйық сүт пен кілегей өндірілді. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,2%-ға кем. Сары май мен спред 24,9 мың тоннаға, бір жыл бұрынғыдан 8,6%-ға аз, ірімшік пен сүзбе – 36,8 мың тоннаға (0,5%-ға аз) өндірілді, бірақ қатты күйдегі сүт өндірісі 18,3%-ға, яғни 8,1 мың тоннаға дейін өсті. Сарапшылардың айтуынша, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында басқа сүт өнімдерін өндіру 3,9%-ға немесе 253 мың тоннаға дейін төмендеді.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында Қазақстанда сүт және сүт өнімдерін тұтынудың

орташа мөлшері жан басына шаққанда 226 кг құрады. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 7,1%-ға аз.

Сүт және сүт өнімдерін жақсы көретіндер негізінен, Ақмола облысында тұрады. Мұнда сүтті тұтыну жылына жан басына шаққанда 267,1 кг өнімді құрайды. Одан кейінгі орында Астана мен Алматы тұр. Бұл өңірлерге жан басына шаққанда 259 және 253,7 кг-нан келеді. Ең төменгі көрсеткіш Шымкент пен Қызылорда облысында тіркелді. Бұл өңірлерде жылына жан басына шаққанда 138,1 және 183,8 кг сүт өнімдері тұтынылады.

Мамандардың мәлімдеуінше, 2023 жылғы наурыз айының соңында сүт өнімдері бір жыл ішінде 29,1%-ға қымбаттады. Баға, әсіресе Маңғыстау облысында 41,8%-ға өсті. Одан кейінгі орындарда Қызылорда облысы (33,7%) және Астана (32,4%) қаласы тұр. Ал Ақмола (22,9%-ға) және Ұлытау (25,1%-ға) облыстарында, сондай-ақ Алматыда (25,2%-ға) сүт өнімдері көп қымбаттамаған.

ЖОЛ САЛАСЫНЫҢ ЗЕРТХАНАШЫЛАРЫ БАС ҚОСТЫ

Елордада жол-құрылыс саласындағы сапаны бақылау қызметкерлерінің алғашқы форумы өтті. Іс-шараға 30-ға жуық маман қатысты.

Ғылым қызметкерлері күніне арналып, Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтының базасында ұйымдастырылған іс-шараның негізгі мақсаты – осы салада жұмыс істейтін әріптестердің өзара танысып, тәжірибе алмасуы, ортақ міндеттер мен мақсаттарды анықтау болатын. Басқосу барысында 30-ға жуық маман, атап айтқанда, зертханалардың жетекшілері мен қызметкерлері, сондай-ақ

техникалық қадағалау инженерінің қызметтерінің өкілдері өзара пікір алмасты.

Спикерлердің сөз сөйлеуі барысында семинарға қатысушылар инженерлердің рөлі, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін жолдарды салуға техникалық қадағалау мамандарының жауапкершілігі және басқа қызықты тақырыптар шеңберінде қызу пікірталас өткізді.



– Мұндай іс-шаралар автожол саласы үшін өте маңызды. Бұл ретте тәжірибе мен білім алмасудың зияткерлік алаңы ретінде ғылыми институттың маңызы зор. Жол құрылысшыларының мәртебесі мен имиджі одан әрі арттыру қажет, – деді «ҚазжолҒЗИ» АҚ сынақ зертханасының басшысы Мейрамгүл Қабығалиева.

Жеке сессия шеңберінде семинарға қатысушылар жолшылардың біліктілік базасын және жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасын құру жөніндегі институттың жобаларымен,

сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу алгоритмімен танысты. Сонымен қатар сарапшылармен аталған технологияларды іске асыру туралы өз көзқарастарымен бөлісті.

– Семинарда мамандар материалдардың сапасы, жобалау, нормативтік құжаттардың әртүрлі оқылуы, жол құрылысындағы бұйындар арасындағы міндеттемелер мәселелерін көтерді. Өйткені форум өндірушілерге арналған, ал олар өз кезегінде автожолшылардың проблемаларымен жақсы таныс, – деді Мейрамгүл Қабығалиева.



ЕЛДІҢ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМІНДЕГІ ТУРИЗМ ҮЛЕСІ 7 ПАЙЫЗҒА ДА ЖЕТПЕЙ ОТЫР. ӘЛЕМДІК ТУРИЗМ РЕЙТИНГІНДЕ СОҢЫНДА ЖҮРМІЗ

**Калиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Әрине, орынды талап, ел экономикасына серпін беретін салмақты нұсқау. Алайда ел басшысының бұл айтқаны сөймен орындала ма, жоқ па, ол басқа әңгіме. Кейде біздің елде Президенттің берген тапсырмасын қадағалап, оның жүзеге асуын бақылап отыратын арнаулы органдар жоқ па деген ойға қаласың.

**ТАБЫС НЕГЕ
МАРДЫМСЫЗ?**

Туризм – әлемдегі экономикалық кірісі ең жоғары саланың бірі. Ол кеш өркендеген сала болғанмен, оның қазіргі аяқ алысы өте тез. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап туризм әлемдегі жаңадан гүлденген салаға айналды. 90-жылдарға жеткенде туризмнен кіретін кірістің халықаралық экспорт кірісіндегі үлесі 8 пайыздан асып, одан түскен табыс мұнай өнімдері мен автомобиль экспорты табысынан кейінгі маңызды кіріс қайнары болды.

Халықтың тұрмысы жақсарып, мәдениет өресі өскен сайын туризм де ішкі жақтан түрленіп, мазмұны жағынан байып барады. Атап айтқанда, бұрын сыртқы және ішкі туризм деп бөлінсе, қазір бұрынғыдай көркем жер, әдемі аумақтарды саяхаттаудай дәстүрлі саяхаттау тәсілі таңсық болудан қалып, демалыс туризмі, ойын-сауық туризмі, жиналыс туризмі, жастар туризмі сияқты жиырмаға жуық түрі пайда болды. Сонымен қатар, туризмнің даму бағытында да тың беталыс байқалды. Біріншіден, экономиканың дамуына илесе, адамдардың рухани мәдениетке деген қажеті артып, саяхаттау жұртшылықтың негізгі тұрмыс тәсіліне айналды. Екіншіден, жаңадан дамыған елдердің туристік орындары көбейіп, Азия елдеріне саяхаттап келетін туристер жыл сайын молайды. Үшіншіден, қатынас қолайлылығы артқан сайын

ТУРИЗМГЕ ТҰСАУ КӨП

«Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуға тиіс. Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Кәсіпкерлер туризмнің болашағы зор екенін көруі керек. Сол үшін қажетті жағдайды жасаған жөн. Осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі, іштен және сырттан келген туристер саны неғұрлым көп болса, жұмыс нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ». VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп тапсырған еді.

сауда сипатындағы туризм жандана түсті.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚАДАМЫ НЕГЕ БАЯУ?**

Еліміз 1993 жылы Дүние жүзі туристік ұйымының мүшесі атанды. Бірақ содан бері түп-тура 30 жыл өтсе де, ел туризмі әлі тұралап тұр. Мемлекет жағынан қаншама жоспар атқарылып, туризмді дамытуға қаншама қаражат бөлінгенмен, бәрі құмға сіңген судай қайырсыз кетті. Әрине, «түк жоқ» деп ауызды қу шөппен сүртуге болмас, бірақ Қазақстанның географиялық жақтағы абзалдығы мен туризмді дамыту жағындағы мүмкіндігі тұрғысынан алғанда, біздің елдегі туризмнің дамуы жоққа тән.

Біздің елде туризмнің барлық түрін (танымдық, ойын-сауық, этника, экология, сауықтыру, спорт, аң аулау, балық аулау, серуендеу) дамытуға қажетті шарт-жағдай толық. Географиялық және климаттық жақтан алып айтсақ та, Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс өңірлерінің табиғаты, ауа райы бір-бірінен өзгеше. Біздің елдегі туризмнің дамуы төрт маусымда да туризм шаруашылығын шалқытуға аса тиімді. Атап айтқанда, Бурабай, Баянауыл, Марқакөл, Катонқарағай, Қарқаралы, Алатау, Хан Тәңірі баурайы, Түлкібас сияқты көрінісі көз сүріндіретін көркем

өңірлер де, Шарын шатқалы, Сақ қорғаны, Маңғыстау түбегі сияқты ғажайып жерлер де, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі, Арыстан баб кесенесі сияқты мәдени, тарихи мұралары да, Каспий, Балқаш көлі, Алакөл сияқты жағажайдың кереметін сезіндіретін сулы алқаптар да көп. Әлемдегі әсем қалалардың қатарында тұратын Астана мен Алматы да туристердің арнайы келіп, аялдайтын қалалары қатарында. Шыңға шығушыларды, тауға өрмелеушілерді, құмды, шөлді, жаяу немесе велосипедпен аралаушыларды, шаңғы тебушілерді баурауға да Қазақстанның мүмкіндігі мол. Ал мәдениет, салт-дәстүр тұрғысынан сөз қозғасақ, қазақ ұлтының бай салт-санасымен, дәстүрімен, ұлттық ойындарымен де саяхатшыларды баурауға болады. Мысалы, Моңғолияда әр жылы өтетін бүркітшілер мерекесінің өзіне көп туристер келеді. Қазақстанда да мұндай мерекелерді әр облыс, аудан жыл сайын өткізіп отыруына әбден болады. Бірақ біз сол мүмкіндікті толық пайдалана алмай отырмыз. Себебі ел туризмін дамытудың үзек болуына қажетті жағдай кешенді стратегиялық жобасы жоқ. Туризмді дамыту туралы біраз жоба-жоспар жасалғанмен, оның кемшілігі мен тиімсіздігі шаш етекпен. Ол аздай, өзі шала, дүмбілез жобаға жемқорлық араласқанда, туризм саласы

енді-енді өркендеп келе жатқан елдерге бару жаңа ағымы пайда болған. Бұл да Қазақстан үшін үлкен орай.

Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан Қазақстанның географиялық орны да ерекше. Туризм шаруашылығы дамыған Қытаймен шекараласпыз. Қазақстан туризмі үшін Қытай – ең үлкен базар. Толықсыз санаққа қарағанда, әлемдегі туристердің басым бөлігін Қытай туристері құрайды екен. ҚХР Туризм академиясының баяндамасына жүгінсек, 2018 жыл қорытындысында (2019-дан бастап іңдет себебінен қытайлық саяхатшылар шетелге бара алған жоқ) бұл елдің саяхатшылары шетелге 150 миллион рет сапар жасаған. Олар барған елде 130 миллиард доллар қаржы шығындапты. Сосын көптеген ел Қытай туристерін тартудың әр түрлі амалын қолданып отыр. Мысалы, Испания астанасы – Мадридтегі әуежайдың бір қанаты толығымен Қытай елі саяхатшыларының пайдалануына бөлінді. Яғни VIP-залдар тек Қытай ас мәзірін ұсынады және осы ел азаматтарын ғана қабылдайды. Бұл шара Қытай азаматтарының қызығушылығын оятып, олардың сапар санын 40 пайызға арттырған. Бірақ іргесінде отырған біздің ел бұл мүмкіндікті толық пайдалана алмай отыр.

Қытай Туризм министрлігі жоспарлаған Қытай–Орта Азия елдері–Ресей–Моңғолия саяхат бағыты жобасында да Қазақстан маңызды орында тұр. Шығыс Қазақстан, Жетісу өңірлерінде бір күндік, үш күндік саяхат түзімі кемелденіп, туристерге жақсы жағдай жасалса, Қытай Шығыс Қазақстанмен шекаралас жатқан Алтайдың, Жетісу жерімен жалғасып жатқан Іле алқабының туризмін дамыту үшін «Алтай мен Ілеге саяхаттай келсеңіз, Қазақстанның әсем

жерлеріне де саяхаттап бара аласыз» деп біздің туризмнің үгітін өзі-ақ жасайды. Оның үстіне, саяхат жасау мен тамақ жеуді өмірдің қызығы деп білетін Қытай туристерін Қазақстанның залалсыз, таза тағамы мен органикалық азығы бірден баурайды.

Қытай туристерін тартуды айтсақ, қазақстандықтардың көбі елімізде Қытай көбейіп кетпей ме деп күдіктенеді. Бұл арада саясат пен туризмді шатастырудың ешқандай кереметі жоқ. Әлемде туристердің көп келуінен зиян тартып, елдігінен айырылған ешкім жоқ. Тек сол елден келетін кейбір саяхатшының табиғатты аялау, тарихи мұраларды қорғау, орта тазалығын сақтау танымы төменірек демесек, Қытай туристерінен тартынудың қажеті жоқ. Есесіне шекаралық бақылауды күшейтіп, қызмет өтеу саласын жандандырсақ, халықтың туристерді пайдаланып ақша табуына мүмкіндік жасалар еді.

**КЕДЕНШІ ҚАЙЫРШЫ МА,
ҚАРАҚШЫ МА?**

Қазіргі таңда Қазақстанға 80-ге жуық елдің азаматтары визасыз кіре алады. Өткен жылдан бастап Қытай елінің азаматтары да 14 күндік визамен келе бастады. Әрине, жоғарыда айтқанымыздай, халық «Қазақстанды қытай басып кететін болды» деп шулап жатқанмен, бұл шара елдің саяхат кәсібіне серпін беретінін де естен шығармау керек. Қазірдің өзінде қытайлық ірі саяхат компаниялары елімізге келіп, турист әкелудің жолын қарастыра бастады. Әйткенмен Қазақстан кеденіндегі мына бір жағдай біздің жағамызды ұстатты.

Жақында Алматыдағы «Aman International» саяхат компаниясымен байланыс жасап, Қытайдан 12 туристік компанияның басшысы келген. Мақсат – біздің елдегі туристік компаниялармен ынтымақтастық орнатып, қытайлық туристерді жіберу. Бірақ сол компаниялардың директорлар шекарадан өткен кезде күтпеген жағдайға тап болған. Атап айтқанда, кеден қызметкерлері оларды қараңғы бөлмеге кіргізіп алып, ақша бопсалап, алдынан 300-400 юань ақша алған. Қалтасына ақша салмаған бір директордан басқа алатын ештеңе таппай, телефонның қуаттағышын алып қалған.

– Мұны көрген қытайлық әріптестерім қатты түңілді, «еш себебіз шекарадан кірген адамнан бұлай ақша ала берсе, біз қалай турист жібереміз? Әлемнің 40-тан астам еліне саяхатшы жөнелтіп отырсақ та, телефон қуаттағышты да пайда көріп, алып алған мұндай елді көрмеген екенбіз» деп бетіме басқанда, ұялғанда бетімнен отым шықты, – дейді саяхатшыларының пайдалануына бөлінді. Яғни VIP-залдар тек Қытай ас мәзірін ұсынады және осы ел азаматтарын ғана қабылдайды. Бұл шара Қытай азаматтарының қызығушылығын оятып, олардың сапар санын 40 пайызға арттырған. Бірақ іргесінде отырған біздің ел бұл мүмкіндікті толық пайдалана алмай отыр.

Міне, біздің елдің сиқы – осы. Азаматтарымызда «мынау менің елім ғой, ертең елімнің абыройына дақ түспесін, ұят болмасын, келген қонақтың елге пайдасы тисін» деген ой жоқ. Көбінің ойлайтыны – қара басының қамы. Ендеше кеден қызметкерінің өзі тонаушы болса, бұл елге қайдан турист келеді?! Ойланатын жағдай. Демек, алдымен, шетел туристерін тартамыз десек, бассыз кеткен кеден қызметкерлерін тәртіпке салу керек. Сонымен қатар, визалық және кедендік рәсімдерді барынша оңайлатып, электронды виза жүйесін жаппай іске қосатын кез жетті. Бұл шара шетелдік туристердің Қазақстанға келуіндегі кедергілерді азайтады, сыртқы саяхаттау жандандырады.

**ТУРИЗМДІ ДА-
МЫТУ ТУРАЛЫ
БІРАЗ
ЖОБА-ЖОСПАР
ЖАСАЛҒАНМЕН,
ОНЫҢ КЕМШІЛІГІ
МЕН ТИІМСІЗДІГІ
ШАШ ЕТЕКТЕН.
ОЛ АЗДАЙ, ӨЗІ
ШАЛА, ДҮМ-
БІЛЕЗ ЖОБАҒА
ЖЕМҚОРЛЫҚ
АРАЛАСҚАНДА,
ТУРИЗМ САЛА-
СЫ ТҰРАЛАП,
ТҰСАУЛЫ АТ-
ТАЙ ТЫПЫРЛАП
ҚАЛА БЕРДІ**

тұралап, тұсаулы аттай тыпырлап қала берді.

**АЛЫП КӨРШІДЕН НЕГЕ
ТУРИСТ ТАРТПАЙМЫЗ?**

Әлемдік туризм базарының даму беталысына қарағанда, туристердің Франция, АҚШ, Мысыр сияқты елдерге бара беруден туризм шаруашылығы

№44 (4477) 15/04/2023 Сенбі



5 АЛТЫН ҚОРЖЫНДА, 4 АЛТЫН КӨКЕЙДЕ

Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт сарайында өтіп жатқан Азия чемпионатында Қазақстан балуандарына жанкүйер болып, тақым қыстық. Әсіресе астаналық балуан Жәмила Бақбергенаның өнерін жіті бақыладық.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Азияның 24 елінен келген 400 балуан Астана төрінде өзара үздіктерді анықтауға күш салды. Біз Жәмиланың бәсекесіне назар аудардық. Ол алдымен тайпейлік қарсыласын оңай ұтса, жартылай финалда моңғолиялық Даваанасан Энх Амардан айласын асырды. Финалда жапониялық Сумирэ Никурамен алтын медальды сарапқа салды.

Әсілі, Жапонияның қыздары еркін күрестен аты озып тұр. Олимпиада ойындарында төрт рет алтын медаль алған бір ғана балуан болса, ол – Каори Ичо. Одан бөлек, Азия мен әлем чемпионатында жапон қыздарынан медаль артыла бермейді. Қысқасы, Жапониядан келетін балуандардың осалы жоқ. Бір жыл бұрын Моңғолияның Ұланбатыр қаласында өткен Азия-2022 бәсекесінде Сумирэ біздің Жәмиладан ұтылған еді. Кеткен есесін қайтаруды ойлаған Сумирэ бозкілемге қайраттанып

шықты. Жанкүйерінің қолдауынан қанаттанған Жәмила өзіне сенімді көрінді. Ол қарсыласының әр қадамын бақылап, ұрымтал сәтте үйреншікті әдіс-тәсілін орындап, ұпай санын еселеді. Сөйтіп, үшінші рет Азия чемпионы атанды. Бұл – Қазақстан әйелдер күресі тарихындағы ең үздік көрсеткіш.

76 келіде белдескен Эльмира Сыздықова ақтық сында қырғызстандық Айпере Медетқызын ұтып, екі дүркін Азия чемпионы атанды. Сондай-ақ 55 келі салмақта Марина Седнева, 57 келіде Нилуфар Раимова, 59 келіде Қалмира Білімбек, 68 келіде Елена Шалыгина қола медальды місе тұтты.

Грек-рим күресі бойынша 72 келі салмақта Ибрагим Магомедов алтын медаль олжаласа,

82 келіде белдескен Диас Қален мен 87 келіде сынға түскен Нұрсұлтан Тұрсыновқа күміс медаль бұйырды. Аманғали Бекболатов (55 келі), Мұхамедали Мамұрбек (63 келі), Алмат Кебіспаев (67 келі), Олжас Сырлыбай (97 келі), Әлімхан Сыздықов (130 келі) қола медальды қанағат тұтты.

Жарыстың соңғы екі күні еркін күрес шеберлері кілемге шықты. 70 келі салмақта күш сынаған Санжар Досжанов пен 79 келіде белдескен Болат Сақаев алтыннан алқа тақты. Бұл екі балуан да жартылай финалда Иранның мықтысын ұтса, финалда Озбекстан өкілінен айласын асырды. 57 келідегі Рахат Қалжан қола медальмен шектелді.

Бұған дейін Азия чемпионатында дараланған Азамат Дәулетбеков (86 келі) пен Юсуп Батырмураев (125 келі) финалға шықты. Дархан Есенғали (74 келі) мен Ризабек Айтмұхан (92 келі) ақтық сынға шығып, алтын медаль үшін белдеседі.

ҚҰНДЫ КӨРМЕ

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің «Алаш аманаты» атты көрмесі ашылды. Оған Ертіс-Баян өңірінде Алаш ардақтыларына қатысты соңғы жылдары табылған тың деректер, қолжазбалар, көне кітаптар және сол аймақтан шыққан көрнекті тұлғалардың өмірінен сыр шертетін құнды жәдігерлер қойылды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш көрменің мән-маңызына тоқталып, небір дүлдүлдер мен бұлбұлдарды қазаққа берген Кереку өңірінде тарихымыздың қалың беттері жатқанын атап өтті. Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нухұлы күні кеше ғана туған күніне орай Астана, Алматы, Павлодар, Қарағанды қалаларында шығыстан шыққан тұңғыш академик Қаныш Сәтбаевты еске алу шаралары өткенін айтып, ұлы ғалымның қазақ тарихына қосқан үлесіне тоқталды.

– Қаныш Имантайұлы Ұлттық ғылым академиясын басқарып отырған кезде 1959 жылы сирек қолжазбалар қоры туралы осы саладағы алғашқы бұйрықты шығарған екен. Яғни сол заманда сирек қолжазбалар қорының құрылуына, болашақта ұлттық құндылықтардың жетуіне алғышарт жасады. Соның арқасында бүгінде Ұлттық ғылым академиясында осындай қор жұмыс істеп тұр, – деді сенатор.

Алтынбек Нухұлы әлі қаншама



құнды қолжазба ашылмай жатқанын, бұл салада атқарылар жұмыс өте көп екенін айта келе, сол Ұлттық ғылым академиясының сирек қолжазбалар қорында жатқан араб-парсы тілдеріндегі, қадим жазуындағы көптеген жазбалар кириллицаға аударылмағанын айтты.

– Ұлттық құндылықтарымыздың кейбіреуін әлі білмей жатқан жағдайымыз бар. Сирек қолжазбалар

арқылы ұлттық құндылықтарымыз байып, ақсап жатқан ұлттық идеологиямызға қан жүгіреді. Мәселен, бір ғана Мәшһүр Жүсіпті алатын болсақ, оның жиырма томдығы шықты. Алайда қадим жазуындағы тағы да он томдық еңбегі әлі жарық көрмей жатыр. Бұл – қаншама дүние, – деді Парламент Сенатының депутаты.

Астана қаласы мәслихатының депутаты Бахаргүл Төлеген бұл

ұлттық құндылықтарымызды көрсететін, тамыры терең тарихымыздың барынан хабар беретін ерекше көрме екенін айтты. Павлодар облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Медет Тауасқан көрмеге әкелінген қолжазбалар мен жәдігерлерді таныстырды. Оның айтуынша, қазір ұлы Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте шыққан тұңғыш жинағының бес-ақ данасы бар. Соның бірі – көрмеге қойылған Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейіндегі кітап.

Сонымен қатар, көрмеден Мәшһүр Жүсіптің жәдігерлерін, соның ішінде бойтұмарын, Ахмет Байтұрсынұлының араб қарпімен жарық көрген «Маса» және «Қырық мысал» жинақтарын, Нәзір Төреқұлов осыдан тура жүз жыл бұрын шығарған «Темірқазық» журналын, Қошқе Кемеңгерұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы сынды Алаш қайраткерлеріне қатысты жәдігерлерді, күрескер ақын, халық композиторы Мәди Бәпиұлының «Құранын», халық композиторы Естай Беркімбауылына қатысты, биылғы мерейтойлар иелері – актер, Қаз КСР Халық әртісі Шахан Мусин, ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұзафар Әлімбаев, басқа да көрнекті тұлғаларға қатысты жәдігерлерді тамашалауға болады. Бұқар жыраудың туғанына 155 жыл толуына арналған көрме 26 сәуірге дейін жалғасады.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«Менің салған суретім» ҚОЙЫЛЫМЫ

15/16 сәуір 12:00, 14:00

Қуыршақ театры



«БАЯН СҰЛУ- ҚОЗЫ КӨРПЕШІ»

15 сәуір 18:00

Қалибек Қуанышбаев театры



«СӘБИГЕ ҮМІТ СЫЙЛА» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТІ

16 сәуір 16:00

Астаналық филармония



«РЕКВИЕМ» МЮЗИКЛІ

16 сәуір 18:00

«Жастар» театры



«ДӘУІР КЕМЕҢГЕРЛЕРІ: БЕТХОВЕН, ШОСТАКОВИЧ»

16 сәуір 18:00

«Астана Опера» театры

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №44

Баспаханна: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА